



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Инвестициялық жоба құрылысы қарқынды

Өзіміздегі тың жобаға түрен түсті. Бұған дейін Жалағаш ауданында инвестиция тартумен қатар жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің орындалуына да көп септігін тигізетін жобалар барын айтқанбыз. Соның бірі һәм бірегейі – «Харвест Агро Холдинг» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және сояны өсіру, қайта өңдеу бойынша агро-индустриялық кластерін құру.



Бұл – облыс әкімдігінің сүйемелдеуімен басталып жатқан тың бастама. Шетелдік инвесторлар қызығушылығын көтерген жобаның құны – 51 млрд теңге. Швейцариялық «Харвест Агро Холдинг» компаниясы оны екі кезеңмен жүзеге асырмақ (I кезең 2025-2026 жж, ал II кезең 2026-2027 жж).

Аталған жобаның қуаттылығы жылына 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері дәні және 20 мың тонна соя дайындауға жетеді. Сондай-ақ 60 мың тонна шикізат өңдейтін және май сығу зауытын іске қосу жоспарланған. 150 адам жұмыспен қамтылады. Бүгінде облыс әкімдігі мен «Харвест Агро Холдинг» компаниясы арасында өзара ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумға қол қойылды.

Компанияның Қазақстандағы өкілдігі «АА Агро Кызылорда» ЖШС-ның Жалағаш ауданы өкіміне жазған мемлекеттік меншіктен жер учаскесін алуға деген өтініші де мақұлданды. Былтыр өкімдік қаулысымен 14 273 гектар жер телімі табыс-талды, – дейді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы Нұртас Төлегенов.

Аталған жоба Ұлттық цифрлық инвестициялық платформасының тізіміне (150 мың АЕК асатын жобалар) енген. Сондай-ақ жоба аясында Қаракеткен ауылдық округіне қарасты Қараөзек бойынан су үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, оның ішінде жаңбырлатып суару тәсілін қолданып, барлығы 32 мың гектар жердің 8 700 гектары егін егуге дайындалған.

– Оның ішінде тегістелген 7 700 гектар жерге жүгері дақылын егу жоспарлануда. Жобада жоспарланған 143 дана жаңбырлатып суару құрылысының 80-і орнатылса, қалған құрылыстар егістік басына толықтай жеткізіліп, құрастырылып жатыр. Бұл құрылыстар да отандық өнім, яғни көршілес Түркістан облысынан өндірілген. Қуаттылығы 50 гектар жерді суаруға жетеді. Бұдан бөлек егін алқабына орнатылған жаңбырлатып суару құрылыстарына жерасты су жеткізу трубалары және электр тоғым тартуға тиісті жұмыс жүруде, – дейді бөлімнің бас маманы.

Қазір жүгері алқабының 10 шақырым жері қоршалған. Сондай-ақ жалпы ұзындығы 28 шақырымды құрайтын канал қазылуда. Жобаны іске асыруға 10 қосалқы мердігер мекеме, 300 жұмысшы тартылыпты. 200-ге жуық техника қажеттіні өтеп тұр.

«АА Агро Кызылорда» ЖШС директорының орынбасары, бас агроном Ғалымжан Ізтілеуовтің айтуынша, серіктестік германиялық «CLASS» тракторының 4 данасын, сонымен бірге «TIGER» тұқым себу кәсіпкерлік техникасы және жүгеріге арналған қатараралық культиваторлар, өздігінен жүретін дәрі

шакшы техникалар сатып алған. Сондай-ақ биыл жобаның бірінші кезеңі бойынша егін егу, күтіп-баптауға тұрақты 100 жұмыс орнын құру жоспарланып отыр.

Жалпы осы жобадан бөлек ауданда Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа аясында «Агрохимсервис-С» серіктестігінің құны 905 млн теңгені құрайтын «Қоймалар және шатыр құрылысы» жобасы бастау алды. Жыл аяғына дейін толықтай іске асыру көзделген.

Айта кетейік, былтыр Жалағашта құны 1 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба іске асқаны белгілі. Алғашқысы – құны 150 млн теңге болатын «Ер-Әлі» шаруа қожалығының күріш ақтау және жем өндіру зауыты. 50 млн теңгеге «Бейбарыс» жеке кәсіпкерлік «Кондитерлік өнімдер шығару» цехы, 380 млн теңгеге «Тәтті» жеке кәсіпкерлік сауда және ойын-сауық орталығы жұмыс істеуде. Сонымен қатар «Таң ЛТД» ЖШС-ның құны 422 млн теңгені құрайтын мақсары майы, жүгері ұны және күріш лапшасын шығаратын «Өндірістік база» жобасын айтсақ болады.

Ержан ҚОЖАК

Бағдарлама игілігі

Ауыл кәсіпкерлігінің жарқын үлгісі

Ауылдағы ағайын таңмен таласа тұрып, тіршілігін малдың күйімен, жердің тынысымен өлшеді. Күннің көзін бағып, желдің өтін тындап өскен ел үшін атакәсіп жай қарайтын тіршілік емес. Сол баяғы сүрлеу бүгінде өз жалғасын тауып, Таң ауылында қайта түлеп отыр. Ата кәсіптің жібін үзбей, тіршілігін түзеген жанның бірі – Дина Қайратқызы.



Осыдан 3 жыл бұрын Дина Қайратқызы мемлекеттік бағдарламаның бірі «Бизнес бастау» жобасы арқылы мемлекеттен 1 млн 225 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін бастауға мүмкіндік алған. Осы көрсетілген қолдаудың арқасында ол жанына жақын жылқы шаруашылығына бет бұрып, үш бас жылқы алып, кәсібін бастауға бел бұған. Бұл істі бастауға ол өмірлік серігі Құралхан ұсыныс білдіріп, жан-жақты қолдау көрсеткенін айтады. Осылайша отбасылық қолдау мен өз ісіне деген сенім жас кәсіпкердің алға қойған мақсатына нық қадам басуына жол ашқан.

Нақтырақ айтқанда, Динаға бұл кәсіпті бастап, оны жүргізу еш қиындық тудырмаған. Себебі ол ауылдың қарапайым тыныс-тіршілігін көріп өскен, бала күнінен ата-анасы мен бауырларының мал шаруашылығымен айналысқанын көзбен көріп, оның қызығы мен шыжығын сезініп өржеткен. Сондықтан жылқы шаруашылығы оған таңсық емес, керісінше жанына жақын жүрегіне жылы кәсіптің бірі.

Кейіпкеріміздің айтуынша, жылқы шаруашылығының өзіндік ерекшелігі, қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Бұл салада тәзімділік пен ұқыптылық, жауапкершілік аса маңызды. Ол жылқының жем-шөбі мен суы уақытылы беріліп отыру керектігін, ал берілетін судың салқын емес, жылы болуы қажет екенін

ерекше атап өтті. Малға деген күтім мен ықылас табыстың негізгі кепілі екенін де тілге тиек етті.

Әңгіме барысында бала күтінде отырған жас кәсіпкер сауынды байталды екі сағат сайын сауып отыратынын айтты. Бұл – үлкен еңбек пен шыдамдылықты талап ететін жұмыс. Соған қарамастан, ауыл тұрғындары келіп, саумал ішіп кететінін ықыласпен жеткізді.

Саумал денсаулыққа пайдалы, шипалы сусын ретінде суранысқа ие. Осылайша оның кәсібі бір жағынан табыс көзі болса, екінші жағынан ауыл халқы үшін пайдалы дәстүрдің жалғасына айналды отыр.

– Саумал – түрлі ауруға ем. Оны тұтынатын ауыл тұрғындарының қатары күн сайын артып келеді. Сондай ауылдасымының бірі – Күмісқұл апа, ол саумалды күнделікті тұтынады. Саумалды халықтың қалтасына қонымды

етіп, литрін мың теңгеден сатамын. Жылдың қай мезгілі болса да, саумалды емге пайдаланатындар бар, яғни саумал асқазан, өкпе, жүрек ауруларына ем, ішек жұмысын да жақсартады. Жалпы денсаулыққа шипа іздеген жан саумалды кем дегенде 15 күн ішуі керек, – дейді кейіпкеріміз.

Осындай тынымсыз еңбегі мен іскерлігінің арқасында Дина Қайратқызы ауылдағы кәсіпкерліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Бүгінде оның шаруашылығы кеңейіп, алға басуда. Қазіргі таңда кейіпкеріміздің айтуынша, құлынды байтал саны тоғыз басқа жеткен.

Бұл – еңбектің нәтижесі һәм болашаққа деген сенімнің айқын көрінісі. Сұхбат барысында біз көпбалалы ананың үй шаруасын да, сүйікті кәсібін де қатар алып жүргеніне куә болдық. Бір қолымен бесік тербетіп, бір қолымен кәсіпті ширатқан ананың еңбекқорлығы мен

табандылығы ерекше құрметке лайық. Оның әр ісінен жауапкершілік пен мақсаттына беріктігі айқын байқалады.

Дина Қайратқызының өмір жолы – ауылдағы қарапайым еңбек адамының табысқа жетуінің нақты дәлелі. Осындай жандар арқылы ауылдағы кәсіпкерлік саласы дамып, ел экономикасына өз үлесін қосып келеді. Бұл – тек бір отбасының ғана жетістігі емес, тұтас ауылдың, тіпті елдің болашағына деген сенімнің көрінісі.

Қорыта айтқанда, ауылда кәсіп дамуы тиіс. Бұл – уақыт талабы. Ал мұндай бастамашыл еңбеккер жандар – сол дамудың қозғаушы күші. Болашақ жастардың қолында екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік десек, артық айтқанымыз емес.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Әлем жаңалықтары

ОПЕК+ ұйымына мүше елдер мұнай өндіру көлемін ұлғайту мәселесін қарастыруда. Ертең өтетін кездесуде 8 мемлекет өндіріс квотасын арттыру туралы келісімге келуі мүмкін. Бірақ бұл шешімнің бастапқы кезеңде нарықтағы ұсынысқа айтарлықтай ықпалы болмауы тиіс.

Барреліне 120 доллар:

«Қара алтын» құны қымбаттады



Reuters агенттігінің дерегіне сүйенсек, әлемдік мұнай нарығындағы ахуал геосаяси шиеленістерге байланысты күрделенген. АҚШ пен Израильдің Иранға қарсы әскери әрекеттері «қара алтын» тасымалына кері әсер етіп, жеткізу тізбегінде іркілістер туғызған.

Салдарынан ОПЕК-тің жетекші өндірушілері, яғни Сауд Арабиясы, Ирак, Кувейт және Біріккен Араб Әмірліктері өндірісті қысқартуға мәжбүр болды. Бұл жағдай әлемдік нарықтағы ұсыныстың азаюына ықпал еткен.


Маңызды фактордың бірі – Ормуз бұғазы арқылы өтетін мұнай көлемі. Сарапшылардың мәліметінше, әлемде саудаланатын мұнайдың 20 пайыздан астамы дәл осы бағытпен тасымалданады. Сондықтан бұғаздағы кез келген тұрақсыздық жаһандық нарыққа тікелей әсер етеді.

Осы ретте Brent маркалы мұнай бағасы соңғы төрт жылдағы ең жоғары деңгейге көтеріліп, барреліне шамамен 120 долларды құрады. Ал ОПЕК+ құрамындағы Ресей, Қазақстан, Алжир және Оман секілді елдер бұғаздағы жағдайдан тікелей зардап шекпегенімен, олардың да өндірісті күрт арттыру мүмкіндігі шектелуі. Бұл өз кезегінде ұсыныстың тез арада қалпына келуін қиындатады.

Сарапшылардың пікірінше, алдағы шешім нарықтағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. Бірақ бұл қысқа мерзімде мұнай бағасына елеулі өзгеріс әкелмей әбден мүмкін.

Индонезияда жер сілкінді

Бейсенбінің таңында Индонезия аумағында қуатты жер сілкінісі болды. Қытайдың сейсмологиялық желілер орталығының (CENC) мәліметінше, жерасты дүмпуі Бейжің уақытымен сағат 06:48-де Молукк бұғазы маңында тіркелген.



Мамандар жер сілкінісінің магнитудасы 7,4 балды құрайтынын айтады. Жер сілкінісінің эпицентрі солтүстік ендіктің 1,20 градусы мен шығыс бойлықтың 126,35 градусы координаттарында орналасқан. Ал оның ошағы шамамен 30 шақырым тереңдікте болған.

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, мұндай қуатты жер сілкінісі аймақта айтарлықтай дүмпу сезілуіне себеп болуы мүмкін. Әсіресе жағалауда жақын өңірлерде тұратын тұрғындар қатты толқуларға сезінуі ықтимал. Қазіргі уақытта зардап шеккендер мен қираулар туралы нақты ақпарат жарияланған жоқ.

Сарапшылардың айтуынша, магнитудасы 7 балдан асатын жер сілкіністері ғимараттарға зиян келтіріп, инфрақұрылымға қауіп төндіруі мүмкін. Сонымен қатар теңізге жақын аймақтарда мұндай дүмпулер кей жағдайда цунами қаупін де туындатуы ықтимал.

Индонезия Тынық мұхитының «Отты шеңбері» деп аталатын сейсмикалық белсенді аймағында орналасқан. Сондықтан бұл елде жер сілкіністері мен жанартаулардың атқылауы жиі тіркеледі. Осыған байланысты жергілікті билік пен төтенше жағдайлар қызметі әрдайым сақтық шараларын күшейтіп, халықты жедел ақпараттандыру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қазіргі уақытта мамандар жағдайды бақылауда ұстап отыр. Ал тұрғындарға қауіпсіздік ережелерін сақтап, ресми ақпарат көздеріне ғана сену ұсынылды.

«ЖЖ» ақпарат

Кеңес

Келелі мәселелер қаралды



Апта басында аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының кезекті отырысы өтіп, жер қатынастарын реттеу мәселелері жөніндегі заңнамалардың орындалу барысы қаралды. Сондай-ақ құқықбұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру барысы да назардан тыс қалмады. Жиынағ фракция жетекшісі Гүлзат Құрманбаева төрағалық етті.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Бабаназар Байболов баяндама жасап, аудан бойынша жер қатынастарын реттеу мәселелері жөніндегі заңнамалардың орындалу барысы туралы тарқатты.

Былтыр жылдық жер есебі бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 298 828 гектарды құрады. Оның ішінде егістігі – 21 685, көпжылдық екіпелер – 18, тыйнаған шалбы – 21 605, жайылымдық – 210 мың, шабындық 4 721, басқа алқаптар – 40799 гектар.

Аудан бойынша барлық суармалы жер көлемі 45 654 гектарды құрайды. Оның ішінде 33016 гектарды құрайтын, жалпы саны 60 инженерлік тұрғыда әзірленген күрші ауыспалы егіс жүйесі, 1 мал азығы және 1 картоп ауыспалы егіс жүйесі бар.

– Өздеріңізге белгілі, аудан көлеміндегі инженерлік тұрғыда әзірленген егістік жерлер 1960-1970 жылдары пайдалануға берілген. Ирригация және дренаж жүйелерінің тозығы жеткен. Көп жылдан бері тазарту, жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен егілген ауыл шаруашылығы дақылдарын уақытылы сумен қамтамасыз ету, пайдаланылған суды уақытылы шығару үлкен мәселеге айналған. Бұл егілген егіс дақылдарынан қажетті өнім алуға кері әсер тигізді. Барлығы дерлік қайта реконструкция жасауды талап етеді, – деді Бабаназар Тұрақұлы.

Мұнан кейін аудандағы құқықбұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытында атқарылған шаралар қаралды. Бұл ретте аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Мақсат Баймағанбетов өткен жылы тіркелген қылмыстар алдыңғы жылмен салыстырғанда

қабылданған профилактикалық шаралардың нәтижесінде азайғанын айтты. Тарқатып айтсақ, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмысының тіркелуі, ұрлық қылмысы, мас күйінде көлік басқару, топтық төбелес пен жасөспірімдермен жасалатын қылмыс саны азайған.

Интернет-алаяқтық көбейген

Атқарылған профилактикалық жұмысқа қарамастан ауданда интернет-тегі алаяқтық қылмыс тыйыммай тұр. 29 қылмыстық іс өндіріспен аяқталса, 13-нің мерзімі үзілген яғни 13 алаяқтық қылмыс ашылмаған. Оның 11-і – орта, 2-еуі – ауыр санаттағы қылмыс.

– Интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытында аудандық полиция бөлімі тарапынан жүйелі әрі нақты нәтиже бағытталған жұмыстар ұйымдастырылып, полиция бөлімінің ресми әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы интернет-алаяқтыққа қатысты арнайы бейнероликтер тұрақты жариялануда. Бұл бейнероликтерде алаяқтардың ең көп қолданатын тәсілдері, нақты өмірлік мысалдар, сондай-ақ тұрғындардың алаяқтардан қорғану керігі жеткізілуде. Сонымен қатар әрбір учаскелік полиция

инспекторлары өз өкімшілік аймағында профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Атап айтқанда, білім беру ұйымдарында, өкімшілік аймағындағы тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жеке деректерді қорғау, сақтану жолдары бойынша кең көлемде ақпарат беруде. Бұл кездесулер барысында арнайы жадынамалар таратылып, бұдан бөлек жедел уәкілдермен бірлескен профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып отыр. Аталған жұмыстар одан өрі жалғасып, бұл бағытта атқарылған істің нәтижесін көруге жол ашылады, – деді Мақсат Маратұлы.

Жол апаты азаяр емес

Аудан көлемінде жол апатынан жарақат алған азаматтар саны артып, қаза болғандар саны төмендеген. Ал жол ережелерін бұзудың 6 861 құқықбұзушылық дерегі анықталса, оның 48-і жол апатына тікелей әсер ететін ересек құқықбұзушылық болып табылады. Қазіргі таңда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында автокөлікті мас күйінде басқару, автокөлікті еш құжатсыз басқару деректерін анықтау бағытында жұмыстар ұйымдастырылуда.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жүргізушілер тарапынан жол қозғалысы ережелерін ересек бұзушылықтарды болдырмау мақсатында аудан көлемінде профилактикалық шаралар үнемі жүргізіліп және іске қосылған («Кіші-ЖБ» бейнебақылау камераларының мүмкіндігі кеңінен пайдаланылып келеді. Нәтижесінде 5 595 құқық бұзушылық анықталып, оның ішінде 8 қылмыс, 1 суық қару және жол қозғалысы ережелерін ересек бұзғандардың 4 323 дерегі анықталған.

Сонымен қатар қазіргі таңда «Алкогольсіз ауыл» акциясы аясында аудан көлемінде 6 елді мекенде тұрғындардың, ақсақалдар кеңесінің келісімімен алкогольді ішімдіктерді сату толығымен тоқтатылған. Быыл олардың қатары артып отыр. Алкоголь өнімінің зияны мен қоғамға келтіретін залалы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Ішімдіксіз ауыл» қағидатын басқа ауылдық округтер мен кент орталығында қалыптастыру бағытында үгіт-насихат шаралары жүргізілуде.

Жыл соңында фракция мүшелері көтерілген мәселелер бойынша бірқатар нақты ұсынысын айтып, тиісті шешімдер қабылданды.

Сөзім НҰР

«Заң мен тәртіп» қоғамдық қауіпсіздік пен құқықбұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмаған жастардың түнде, беймезгіл уақытта заңды өкіліңіз кешедө немесе ойын орталықтарында жүруін тексеру мақсатында түнгі рейдтік жұмыстар жүргізілді. Аталған рейд жұмыстарына аудан әкімдігі, полиция бөлімі, мектеп мұғалімдері және жастар ресурстық орталығы мамандары қатысты.

Рейдтік шаралар жалғасын табады



Рейд барысында аудан орталығындағы ойын-сауық орындары, кафе-ресторандар мен қоғамдық демалыс орындары қамтылып, көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің жүру фактілерінің алдын алу мақсатында тексеру жүргізілді. Сонымен қатар нысан иелеріне заң талаптары түсіндіріліп, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында профилактикалық жұмыстар атқарылды.

Ата-аналарға және жасөспірімдерге құқықтық талаптар мен көмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары да назардан тыс қалмады. Түсіндірме жұмыстары алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Айта кетейік, өлімізде заң бойынша көмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22:00-ден кейін компьютерлік клубтарда, ойын-сауық орындарында болуға және 23:00-ден кейін кешедө ата-анасыз жүруге тыйым салынған.

«ЖЖ» ақпарат

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана. Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5132 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің сырбойи@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 2983 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің zhalagash-zharshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3500 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге Stories – 8000 теңге TikTok: Video – 10000 теңге Stories – 8000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелі күндерінен босқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jamapata@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелі күндерінен босқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jamapata@yandex.kz

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Сейдахметов Қайрат Бегимовичтің атына Қызылорда облысының полиция департаментінен 5.03.2020 жылы берілген №2876 зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Салық кодексінің 109-бабына сәйкес мәжбүрлі түрде таратылуға жататын салық төлеушілер бастапқы тізімі 2026 ж.

№	СТН	ЖСН/БСН	Салық төлеушінің Атауы	Мемлекеттік кірістер басқармасының атауы	Кредиторлардың және (немесе) субъект мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалардың өтініштерін (наразылықтарын) қабылдау үшін салық органының мекенжайы
1	330510094692	641127400479	АКШАЛОВА РОЗА ЖАСКАЙРАТОВНА/ИП "РОЗА"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
2	330510226833	680516301757	ЕГЕУБАЕВ ЖАРЫЛКАЙ ДАЙРАБАЕВИЧ/ЖК "ЕГЕУБАЕВ"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
3	330510235194	870124402572	САПАКОВА ГҮЛЗАТ АБИЛДАЕВНА/ИП "Зангар"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
4	330520017654	850203401064	ЕРЖАНОВА АЙНҰР БАЗАРБАЙҚЫЗЫ/ИП Ержанова	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
5	330520055366	929500975	БӨЛЕГЕН БЕКЗАТ ТҮРСЫНБАЙҰЛЫ/ИП "БЕКЗАТ"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
6	330520106815	941123300999	БЕРКІБАЙҰЛЫ КЕНЖЕБЕК/ИП "Кенжебек"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
7	330520109006	951202300395	МУҚАШЕВ АЙБЕК ЖАНБОЛАТУЛЫ/ИП "Айбек"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
8	330520121852	880419302908	КОСЖАНОВ РУСЛАН ОРЫНБАЕВИЧ/КОСЖАНОВ РУСЛАН ОРЫНБАЕВИЧ	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
9	330520133075	891206302290	ЖҮСПІНОВ МАРДАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ/ЖҮСПІНОВ МАРДАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
10	330520139536	900113302356	ЖАРМАХАНОВ АСХАТ ТҮРГАНБЕКҰЛЫ/ИП "АСХАТ"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
11	330520160842	910215301889	СӨРСЕНБАЕВ ЖАСҰЛАН БЕРКІҰЛЫ/ЖК Сарсенбаев	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
12	330520162859	940101305273	ЖҮСПІНОВ БОЛАТБЕКҰЛЫ/ИП "ӨЛШЕР"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
13	330520182161	940411401649	ЖҮМАБАЙ МОЛДІР ЖҮМАТАЙҚЫЗЫ/ИП "Молдір"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
14	330520195196	940403402148	АДАМБАЙ АКЕРКЕ ҚАНАТБЕКҚЫЗЫ/Аіліп	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
15	330520203905	970540003290	ПРМАНОВ ЕРКЕБҰЛАН АМАНДЫҚҰЛЫ/ИП Прманов	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
16	331010953895	20502500655	ЖАЙШЫЛЫК ИСЛАМБЕК БАҚЫТЖАНҰЛЫ/ИП "Жайшылық"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
17	330520244572	10621500289	ЖҮМАХАН ОРЫНБЕК УАЛИХАНҰЛЫ/ИП "ОРЫНБЕК"	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
18	582311244022	970801401743	ӨКСІКБАЙ АҚНҰР БАХЫТҚЫЗЫ/ИП Өксікбай	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
19	330520289726	20505600167	ЖҮРГЕНБАЙ ФАРИЗА ҚАНАТҚЫЗЫ/ЖК Жүргенбай	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
20	330500001742	970540003290	"Жалағаш жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
21	330500211093	60140015349	"Нұр-57" қоғамдық қоры	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
22	330500211214	60240015520	"Болат-Олжа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
23	330500211280	60440010458	"Ақколка" селсық тұтыну кооперативі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
24	330500211335	61040000588	"Даму-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
25	330500212311	121240014717	"Ақсу елі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
26	330500213518	160840022417	"ШАРҰА" АӨК" ауылшаруашылық өндірістік кооперативі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
27	331000101611	210940006609	"СтройСтандарт-Кз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32
28	330500214483	220240024158	"Айбас Агро" өндірістік кооперативі	Жалағаш ауданы бойынша МКБ	Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32

Первоначальный перечень налогоплательщиков, подлежащих принудительной ликвидации в 2026 году

№	РНН	ИНН/БИН	Наименование налогоплательщика	Наименование органа государственного дохода	Адрес налогового органа для приема заявлений (претензий) кредиторов и (или) иных лиц, чьи права и интересы затрагиваются в случае принудительной ликвидации
1	330510094692	641127400479	АКШАЛОВА РОЗА ЖАСКАЙРАТОВНА/ИП "РОЗА"	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
2	330510226833	680516301757	ЕГЕУБАЕВ ЖАРЫЛКАЙ ДАЙРАБАЕВИЧ/ЖК "ЕГЕУБАЕВ"	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
3	330510235194	870124402572	САПАКОВА ГҮЛЗАТ АБИЛДАЕВНА/ИП "Зангар"	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
4	330520017654	850203401064	ЕРЖАНОВА АЙНҰР БАЗАРБАЙҚЫЗЫ/ИП Ержанова	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
5	330520055366	929500975	БӨЛЕГЕН БЕКЗАТ ТҮРСЫНБАЙҰЛЫ/ИП "БЕКЗАТ"	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
6	330520106815	941123300999	БЕРКІБАЙҰЛЫ КЕНЖЕБЕК/ИП "Кенжебек"	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
7	330520109006	951202300395	МУҚАШЕВ АЙБЕК ЖАНБОЛАТУЛЫ/ИП "Айбек"	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
8	330520121852	880419302908	КОСЖАНОВ РУСЛАН ОРЫНБАЕВИЧ/КОСЖАНОВ РУСЛАН ОРЫНБАЕВИЧ	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
9	330520133075	891206302290	ЖҮСПІНОВ МАРДАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ/ЖҮСПІНОВ МАРДАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
10	330520139536	900113302356	ЖАРМАХАНОВ АСХАТ ТҮРГАНБЕКҰЛЫ/ИП "АСХАТ"	УГД по Жалағашскому району	Қызылординская область, Жалағашский район, пос. Жалағаш, ул. Желтоқсан дом №32
11	330520160842	910215301889	СӨРСЕНБАЕВ ЖАСҰЛАН БЕРКІҰЛЫ/		

Бәрекелді!

«Асыл аналар» жеңісі

Алматы қаласында өткен V халықаралық «ZHANA ESIM» шығармашылық фестивалінде Жаңаталап ауылдық клубының жанынан құрылған «Асыл аналар» ансамблі жоғары деңгейде өнер көрсетіп, аудан абыройын асқақтатты. Салт-дәстүрден жаңылмайтын ақжаулықты аналарымыз фестивалдің ашылуында ұлттық дәстүрімізді ұлықтап, шашу шашып, халық әнімен көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.



Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 33 аналар ансамбліне Қырғызстан қазақ диаспорасының өкілі Әлия Алменова мен Қырғызстанның Мәдениет министрінің өкілі Жайнагул Калчаева төрелік етті. Жерлестеріміз байқауда «Қарғашай» халық әнін орындаған. Нәтижесінде жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін I дәрежелі диплом иеленіп, Грузия мемлекеті, Батуми қаласының сахнасында өнер көрсетуге мүмкіндік жеңіп алды.

Құрылғанына 21 жыл толған «Асыл аналар» ансамблі – халық өндері мен дәстүрлі өнерімізді дәріптеп, ауыл мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосуда. Ансамбль мүшелері ауылдың мәдени өміріне белсене араласып, түрлі мерекелік көрмес мен рухани іс-шаралардың сәнін көлтіріп жүр. Құрамында өмірлік тәжірибесі мол ардақты аналармен орта буын аналар да бар. Өнердің берекесін арттырып жүрген «Асыл аналар» ансамблінің құрамында 15 ана бар. Оның 2-еуі «Алтын алқа» иегері болса, 5-еуі «Күміс алқа» иегері. Олардың ең жасы 38 жастағы «Күміс алқа» иегері Дана Алданазарқызы, ал ең үлкені сәксеннің сеніріне жақындаған Гүлсия Нәйсәгеровна.

Олардың әрқайсысы ауылдың дамуына өз үлесін қосқан, әр саланың үздігі. Өнер ұжымында әжелер тек өн айтпай қана қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына өз үлестерін қосуда. Олар ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталған шараларда жастарға билеген-түгелдерін үйретіп, қоғамдық шараларда белсенділік танытады.

Айта кетейік, ансамбльдің белсенді мүшесі – Несібелі Берімова «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Өнегелі отбасы» атты патриоттық байқауында жеңімпаз атанған. 49 жасынан

үштiктен көрінген. Сонымен қатар «Ер-ліктері ешқашан өшпейді» атты пролог қосушылар байқауынан I орынмен, «Әжелер өн салғанда» атты облыстық әжелер ансамбльдері байқауында II орынмен марапатталған.

Біздің басты мақсат – ұмытылып бара жатқан халық өндерін қайта жаңғыртып, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде көрсету, ұлттық өнерді ұлықтау. Біз тек өн айтуды шектелмейміз. Ұлттық өнерді ізгімізден өрген жастарға, келіндерге яғни киіз басып, тоқыма тоқудың қыр-сырын үйретіп келеміз. Кезінде өзіміз анамыздан үйренген қолөнерді өлі күнге дейін тастамай, жаңғыртудамыз. Жасыратыны жоқ, ансамбль мүшелері кезінде егін, мал шаруашылығында ерөн еңбек еткен жандар. Біздің өн айтуымыз анамызды біліміміз жоқ, Барлығымыз Алланың берген талантының арқасында дәстүрлі өндерді орындау арқылы өнерді жаңымызға серік еттік. Біздің фестивалде үздік өнер көрсетушімізге септігін тигізіп, бірнеше күн бойы күн-түні бізді дайындауға елеулі еңбек еткен Жаңаталап ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлеріне, арнайылап Сандуғаш Тұрсынғалиқызына аналардың атынан үлкен алғысымызды білдіреміз, – деді «Асыл аналар» ансамблінің мүшесі Кеуілімшат Сатыпалдиева.

Айта кетейік, аналарымыз бұған дейін Ақтау қаласында өткен фестивалде өнер көрсетіп, Қырғызстан Республикасы, Бішкек қаласында өткен халықаралық фестивальға шақырту алған. Сондай-ақ Қырғызстаннан Өзбекстан мен Стамбул қаласының сахнасында өнер көрсетуге мүмкіндігіне ие болды. Мұнан бөлек, ансамбльді фестивальге дайындағаны үшін Жаңаталап ауылдық клубының басшысы Сандуғаш Талқанбаеваға «Мәдениет мейманы» тәсбелгісімен марапатталған. Өнер ұжымы бытыр «Ел ардақтылары» атты кітапқа өніп, ақжаулықты аналарымыз «Алтын ана» тәсбелгісімен кеуделеріне таққан. Ал Несібелі Берімова мен Кеуілімшат Сатыпалдиева анамыз Астанада қаласында өткен «Қазақ аналары» атты байқауда құрмет грамотасымен марапатталған.

Ақ кимешек киген аналар ұлттық музыканы дәріптеп, мәні мен мағынасы терең, ескі өндерді ұмытпай келер ұрпаққа жеткізіп жүр. Бүгінде өнерден қол үзбей, ауылдың ауызбіршілігін арттырып жүрген ансамбль мүшелерінің жеңісті жолы алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Сезім НҰР

Ауыл тынысы

Даму жолындағы дарқан ауыл

Өткен аптада тілшілік сапармен Бұқарбай батыр ауылына аялдадық. Сапардың мақсаты ауылдың тынысымен танысу, атқарылған жұмыстарды саралап, болашағын бағдарлау ғана емес, Сыр бойының санғасырлық шежіресіне үңіліп, ескінің иісі аңқыған мекеннің рухын сезіну еді.

Бұқарбай батыр ауылы – Сырдария өзенінің сол жағалауындағы талай көштің ізі қалған қасиетті мекен. Бүгінде ол Жалағаш кентінен небәрі 13 шақырым жерде тыныстап жатыр. 1930 жылы елдің еңсесін өзгерген тағдырын жаңа арнаға бұрған кезеңде бұл мекен «Калинин» ұжымшары аталды. Ал 1993 жыл «Ұжымшар атауы өзгеріп, ауылға Бұқарбай батыр есімі берілген.

Сырдың бойын сағалап жатқан бұл ауылдық округте 382 шаңырақ тұтін түтетіп, 1851 адам тату-тәтті ғұмыр көшіп отыр. Ел ішінде еңбек етіп, тіршіліктің жүгін көтеріп жүрген 1118 адам бар. Соның 804-і тұрақты жұмыспен айналысса, 264-і өз кәсібін дөңгелетіп, маңдай терімен нәпақа тауып жүр. Кең даласы көз жетпес көкжиекке ұлақан бұл өңірдің жалпы жер көлемі 30 534 гектарды құрайды. Соның 15 574 гектары ауыл шаруашылығының игілігіне берілген. Қара жердің қойнауында 4 688 гектар егстік жайқалса, 924 гектар шабындық пен 6 483 гектар жайылым төрт түлікте құтты өріс болып отыр.

Өткен жылы Сырдың бәрекелі топырағы тағы да молшылықтың нышанын көрсетті. Ауылдағы шаруашылықтар 3 365 гектар жерге күріш егіп, даяра бойынша ежелгі кәсібін жалғастырды. Сонымен қатар 50 гектарға бідай, 65 гектарға жүгері себіліп, 493 гектар жаңа жоңышқа, 942 гектар ескі жоңышқа алқаптары көгерді. Ал 12 гектарға картоп егіліп, бұл даланың тағы бір байлығы төрт түліктің өлшенді. Қазір ауылда 1 817 ірі қара, 644 қой, 385 ешкі, 2048 жылқы және 159 түйе бар.

Бұл өңірде шағын кәсіпкерлік те тамыр жайып, елдің ырысын арттырып отыр. Ауылдық округ бойынша ауылдық кірістер басқармасы тіркелген 141 кәсіпкерлік субъектісі бар, соның 136-сы нақты жұмыспен, тіршіліктің тамырына қан жүргізіп тұр. Оның ішінде 9 заңды тұлға, 78 шаруашылық және 60 жеке кәсіпкер, бәрі де бір ауылдың берекесін еселеп отыр. Кешегі қарапайым тіршілік бүгін кәсіпке ұласып, ауылдың ажарын ашып келеді. Ел ішінде 6 сауда дүкені, бір жол бойы көшені, бір техника жөндеу орталығы халыққа қызмет көрсетіп, күнделікті тұрмыстың тірегіне айналған.

Мемлекеттік бағдарламалардың да шарапаты сезілмей қалған жоқ. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы мен «Ауыл аманаты» жобасы аясында 7 жоба мақұлданып, егін мен мал шаруашылығын өркендетуге 59,5 миллион теңге көлемінде несиелер берілген. Ал «Еңбек» бағдарламасы арқылы 5 ауыл тұрғыны 7 миллион 860 мың теңгенің мемлекеттік грантын иеленіп, өздерінің тың бизнес-идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алған. Бұл өңірде әр адам өз нәсібін теріп, өз жолын табуға ұмтылғаны байқалады. Бүгінде аудандық «Мансап» мобильдік орталығына жүрген 21 тұрғын тұрақты жұмысқа орналасып, тұрмыстың арнасын кеңейтті. Тағы 4 адам әлеуметтік жұмысқа тартылса, 9 адам маман жастар практикасы арқылы алғашқы тәжірибесін жинап, жаңа бөлеске қадам басқан.

Білім саласы да, өнер саласы да бәрекелі ауылда өуелден тамырын үзбей келе жатқан қос арна іспетті. 1977 жылы бой көтерген 480 орындық мектеп сол дәуірдің үнін сақтаған күйі бүгінге жеткен. №33 орта мектепте 346 оқушы білім алып, 72 мұғалім ұрпақ санасына сәуле құйып отыр. 1975 жылы салынған №13 «Балдырған» бөбекжай-бақшасы да сол төрбенің алғашқы бастауы секілді, мұнда 6 топта 110 бала тәрбиеленіп, 18 педагог пен 28 қызметкер әр бүлдіршінің бойына мейірім мен ізгіліктің дәнін сөйіп келеді. Денсаулық сақтау саласы да сол бір көзепңнің ізі қалған қарапайым қалпымен елге қызмет етуде. 1979 жылы салынған ауылдық емханада 1 дәрігер, 12 медбике, 7 қызметкер еңбек етіп келеді.

1989 жылы бой көтерген мәдениет үйі ауылдың рухани жүрегі, бағыз думаның, күй мен жырдың жаңғырығы секілді. Мұнда 12 адам еңбек етіп, өнердің отын өшірмей келеді. Спорт саласы да бұл мекенде шет қалған емес, «Байтабын» спорт кешеніндегі 56 жас еркін күреспен айналысып, түрлі жарыстардан жүлде арқалап жүр.

Қазір бұрынғыдай бейнетке сүйенген ауыл жоқ. Ауылдық округ бойынша 380 тұрғын үй болса, олардың барлығы ауысу және электр желісімен толық қамтылған. 2014 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында 346 млн 500 мың теңге қаржыға ауысу жүйесі жаңартылып, 380 отбасының үйіне су кіргізілді. Қазіргі таңда 360 үйге есептеуіш құралдары орнатылып, таулігіне 300 текше метр су үздіксіз беріледі. Су желісінің ұзындығы 22 шақырымды құрайды. Электр желілері де толық жаңартылып, 2021 жылы 68 млн теңге қаржыға бағаналар мен трансформаторлар ауыстырылып, сымдары жаңартылып, күрделі жөндеуден өткен.

Ауылдық округте 1989 жылы салынған «Қазақтелеком» бөлімшесі де жұмыс істейді. Қазіргі таңда 380 үйдің 160-ына телефон желісі орнатылып, 130 үй интернетке қосылған. Сол жылы пайдалануға берілген «Қолшошпа»

бөлімшесі де халыққа сапалы қызмет көрсетіп келеді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында жасалған жұмыстардың да нәтижесі мардымды. Өткен жылы облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға Н.Оспанқұлов пен П.Әлпейісов көшелеріне асфальт төселіп, ел игілігіне берілді. Быыл бұл игі іс жалғасын тауып, С.Айтуаров, Ә.Досымбетов, Қ.Сейітов, Ж.Жаббаев, С.Байқадамов, Ә.Бердаулетов, Т.Үркімбаев, Ким Яков, Н.Оспанқұлов, П.Әлпейісов, Ж.Сақтағанова және Қойшығұл көшелері жаңарып, ауылдың келбеті айқындала түсті. Бұл жұмыстарды «Қыран» ЖШС атқарып, елдің алғысына бөленген. Бұрынғы із жоғалған жоқ, ол тек жаңарып, тіршілік еркін ағатын, халыққа қызмет ететін кең жолға айналған.

Ауылда көгалдандыру мен абаттандыру ісі де өз арнасын тапқан. Бытыр бұл бағытта 1 млн 500 мың теңге бөлініп, айналаға өң берілсе, санитарлық тазалыққа 3 млн теңге қаржы жұмсалған. Абай көшесін темір шарбақпен қоршау, арықтарын қазу жұмыстарына 7 млн теңге бөлініп, көшенің келбеті де түзелді.

Қорыта айтқанда, Бұқарбай батыр ауылы – бүгінгі күннің талабына сай дамып келе жатқан бәрекелі мекен. Тіршілігі тиянақты, шаруашылығы мен кәсіпкерлігі қатар өркендеп, инфрақұрылымы жаңарған ауылдың беталысы жарқын. Әр ісі өз жөнімен жалғасқан. Шағын ғана ауылдың бүгінгі келбеті осындай.

Гүлжан ЕСЖАН



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-56
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

Жалағаш жаршысы аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №553